



# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИЗНЕС ҚҰҚЫҒЫ ЖӘНЕ ЗАҢНАМАЛЫҚ ОРТА: ТРАНЗАКЦИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАС

Еуропалық одақ



Еуропалық одақтың 28 мүше мемлекеті бар. Ең соңғы мүшесі болып 2013 жылы Хорватия мемлекеті тіркелді. Экономикалық деңгейін қарастыратын болсақ, валюталық қордың мәліметіне сәйкес ЕО ЖІӨ адам басына шаққан кезде 35,600\$, АҚШ-та 54,600\$, ал Қытайда 12,800\$. ЖІӨ өсу қарқыны бойынша 2014 жылғы деректерге сүйенсек, ЕО көрсеткіші ең ірі экономикалық ойыншылардың бірі. 2014 жылғы зерттеулер бойынша ЕОГ ЖІӨ – 14,8 трлн \$.

ЕО негізгі құжаттарына 1957 жылы қабылданған Рим шарты жатады. Рим шарты халықаралық бизнес субъектілеріне 4 еркіндікті қамтамасыз етіп берді.

- тауар қозғалысының еркіндігі;
- адамдардың еркін қозғалысы;
- капиталдың еркін қозғалысы;
- қызмет көрсетудің еркіндігі.

Бұл еркіндіктердің түрі бүгінгі күнге дейін сақталып, орындалып келеді.

ЕО өз қызметінде негізгі қағидаларды негізге алады. Бірінші, адамның негізгі құқықтарын сақтау қағидасы. Халықаралық бизнес транзакциялары жүргізілген кезде ешкімнің құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келмеуі тиіс. Халықаралық бизнес транзакцияларында өмір сүру құқығы, еңбек ету құқығы, демалу құқығы қорғалуы тиіс. Халықаралық тәжірибеде, атап айтқанда Қытайдың аумағындағы шахталарда жылына мыңдаған адамдардың өмір сүру құқығы бұзылады. Өзбекстан мемлекетінде мақта жинау жұмысына мектеп оқушыларын жұмылдыру секілді құқықбұзушылықтар кездеседі. Екіншісі – субсидиарлық қағида. Бұл қағида бойынша ЕО өзінің мүше мемлекеттерінің ішіндегі мәселені сол мемлекеттің өзі шешуге мүмкіндігі болмаған жағдайда ғана араласа алады. Мысалы, Германияда экономикалық контрабанда жасаумен айналысты деген айып тағылған субъекті өзге мемлекетке қашып кеткен жағдайда Германияның оны тауып, мәселені шешуге қауқары болмаса, ЕО іске араласады. Егер қылмыскер Германия аумағынан шықпаған болса, ЕО бұл іске араласа алмайды. Үшінші қағида – пропорционалды қағида. Бұл қағида бойынша ешбір мемлекет ЕО мақсатына сай келмейтін белгілі бір қызметтердің жүзеге асыруына құқығы жоқ. ЕО өз мақсаттарына сай емес істерге араласуға құқығы жоқ. Бұл мақсаттарды орындау бойынша міндеттемелер ЕО-ға кірер кезде сол мемлекеттің мойнына жүктеледі. Бұл мақсаттар орындалмаған жағдайда ЕО өз қызметін тоқтатады. Келесі қағида – құқықтық нақтылық және заңдылық анықтық. Белгілі бір заң нормаларында құқықбұзушылық анықталған жағдайда, оның қандай құқықбұзушылық (азаматтық, қылмыстық және әкімшілік) екенін анықтауы және сол бойынша құқықтық жауапкершілік те белгіленуі керек. ЕО қызметіндегі тағы бір қағида – кемсітпеу, яғни дискриминацияға жол бермеу. Халықаралық сауда қатынастарында кез келген бизнес субъектілерінің құқықтары шектелмеуі тиіс. Оларды нәсіліне, тіліне, дініне қарай кемсітушіліктерге жол берілмеуі керек.

Осы қағидалардың заң күшіне енуі мен дауларды шешудегі қызметін тереңірек қарастыру үшін, мынадай кейсті қарастырған жөн. Еуропадағы «Jungbuzlauer» компаниясының үстінен Еуропалық кеңес оның өткен жылғы табысынан 10% мөлшерде айыппұл салған. Оның себебі, бұл компания халықаралық бизнес транзакцияларында бәсекелестік заңын бұзды. Еуропалық кеңестің бұл шешіміне «Jungbuzlauer» компаниясы наразылық танытып, Еуропалық сотқа талап арыз қойды. Ол бойынша бұл компания Еуропалық кеңестің бұл шешімін заңсыз деп тануды өтінді. Еуропалық сот істі қараудың нәтижесінде Еуропалық кеңесті шешімін қолдады.

**ЕО негізгі эволюциясы.** Ең алғаш қарастыратын шарт – Париж шарты. 1952 жылы Париж шарты жасалып, Еуропалық көмір және болат қауымдастығы құрылды. Келесі – Рим шарты. Бұл шарт 1952 жылы жасалып, тауар, адамдар, қызметтер және капитал қозғалысы еркіндігін қамтамасыз етті. Үшінші – ЕО құрылуы туралы келісім болған шарт Маастрихт шарты. 1992 жылы жасалып, оның шеңберінде 1997 жылы Шенген аймағын құру туралы Амстердам келісімі жасалды. ЕО тарихындағы ең маңызды шарт 2009 жылы құрылған Лиссабон келісімі. Бұл келісімнің алғышарты ретінде 2004 жылы ЕО-қа мүше-мемлекеттер ортақ конституция құру қажеттілігі туралы келіскен. Конституцияны қабылдау үшін ЕО мемлекеттері ішінде Бүкілхалықтық референдум өткізілуі керек болды. Нәтижесінде ЕО мемлекеттерінің көбі ортақ конституция құруға дайын еместіктерін көрсетті. Сондықтан 2009 жылы Лиссабон шарты жасалды. Бұл келісім ЕО-да консенсустан алыстау үшін жасалған. Себебі, ертеректе ЕО мүше-



мемлекеттерінің саны аз болғандықтан, консенсуспен шешім шығару оңай болған еді, ал кейін келісім арқылы шешім шығару қиындады. Қазіргі уақытта шешімдер парламенттік көптік дауыс принципі арқылы қабылданады. Лиссабон шарты негізгі ЕО институттарын құруға септігін тигізді. Бұл шарт бойынша ең алдымен ЕО президенті тағайындалды. Халықаралық келісім жасасу барысында оның атынан ЕО президенті өкілдік ететін болды. Осы шарттың арқасында парламенттік көпшілік қағидасы енгізілгенін атап өту керек. Қосарланған принцип дегеніміз ЕО белгілі бір мәселені шешу барысында мүше мемлекеттердің 15-сі мақұлдап, дауыс беретін болса, сол мақұлданған мәселенің пайдасына шешім шығарылатын болды. 15 мүше мемлекеттің дауысы ЕО халқының 65%-на, яғни жартысынан көбіне тең. Лиссабон шарты арқылы ЕО заңнамасының бөлігі ретінде құқықтық хартия танылатын болды.

**ЕО институттары.** ЕО негізгі институттары немесе басқару органдары ұлттық мемлекеттердің мемлекеттік органдары сияқты бөлінеді: заң шығарушы, атқарушы биліктер және сот төрелігі. ЕО заң шығарушы билік органына Еуропалық кеңес жатады. Еуропалық заңдар шығу үшін уақытша жұмыс тобы құрылады. Уақытша жұмыс органы қарастырылып отырған мәселе барлық мемлекеттердің мемлекеттік органдарынан, бизнес ортасынан, инвесторлардан, заң тұлғаларынан пікір жинайды, кейін заң жобасын дайындайды. Дайын заң жобасын тәуелсіз өкілдер комитетіне жолдайды. Тәуелсіз өкілдер комитеті мемлекеттерді аккредитациялайтын депутаттардан тұрады. Тәуелсіз өкілдер комитеттерінде мақұлданған соң, заң жобасы Еуропалық кеңеске беріледі. Еуропалық кеңес осы заң жобасын бекіткеннен бастап, заң өз күшіне енеді.

Келесі заң шығарушы органға Еуропалық парламент жатады. Бұл органның мүшелерін ЕО халқы тікелей сайлайды. Еуропалық парламенттегі депутаттар саны пропорционалдық төмендету принципіне негізделеді. Мысалы, ЕО-ның қай мүше мемлекетінің саны көп, сол мемлекеттің атынан депутаттар саны пропорционалды түрде аз болады.

ЕО атқарушы органына Еуропалық комиссия жатады. Ол Еуропалық комиссияның төрағасынан және Еуропалық комиссияның комиссарларынан тұрады. Комиссарлардың әрқайсысы бір директоратты басқарады. Әрбір директорат ЕО-да әртүрлі мәселелермен айналысады. Мысалы, бір директорат әлеуметтік саланы, келесісі экономикалық саланы басқарады. ЕО-ның сот органы Еуропалық сот. Кейде бұл органды Еуропалық әділет соты деп атайды. Бұл орган Еуропалық Кеңестің шығарған заң актілерінің дұрыс түсіндірілуіне және сол актілердің орындалуына жауап береді. Еуропалық кеңестің негізгі қызметі тек заң жобасын, жасап оны бекіту емес. Сонымен қатар, ЕО-ның жұмысының бағытын және стратегиясын анықтау. Еуропалық кеңес жылына 4 рет шақырылады. Бұл кеңес мүше мемлекеттердің үкімет басшыларынан тұрады. Еуропалық орталық банк ЕО-да негізгі қызметтердің бірін атқарады. Еуропалық орталық банк монетарлық саясатпен айналысады. Әлемдік дағдарыс кезінде бұл орган маңызды шешім шығарып отыруы тиіс.

Еуропалық құқықтың қайнар көздері:

- Негізгі келісімдер (Рим, Маастрихт, Лиссабон және т.б.);
- ЕО институттарының нормативтік қызметі. Оған регламенттер, директивалар, шешімдер, ұсыныстар және пікірлер жатады;
- Регламенттер, ЕО-ның шығарған ережелері ЕО-ның барлық мүше мемлекеттеріне тікелей әсер етеді және әрбір мемлекетте орындалуы тиіс;
- Директивалар ЕО-ның мүше мемлекеттеріне тікелей әсер етпесе де, орындалуы міндетті. Бұйрықтардың орындалуы көрсетілмей, тек нәтижелері жазылады. Еуропалық кеңестің шығарған шешімдері адресатына қатысты сол адресатпен міндетті түрде орындалуы тиіс. Еуропалық құқықтың келесі қайнар көзі – мінездемелер мен пікірлер. Бұл қайнар көздер ЕО-ның қызметінің негізгі бағыттарын таныстыру үшін жазылады.

ЕО-ның норма-шығармашылық қызметінің тәжірибеде жүргізілуін мына кейстер арқылы түсіндірсе болады. Бірінші жағдай бойынша Van Gend en Loos компаниясы Нидерланды сотына Батыс Германиядан әкелінетін тауарлардың қайта жіктелуіне байланысты кедендік баж салығын төлеуге мәжбүр болғаны туралы арыз жазады. Арызда кедендік баж салығын төлеуден босатуды талап етеді, себебі бұл жағдайда Рим шартының талаптары бұзылған. Ал Рим шарты бойынша тауарлардың еркін қозғалысына кепілдік берілген. Нидерланды соты бұл



істі қарамай, бұл істі Еуропалық сотқа бағыттады. Себебі, бұл істе ЕО-ның заң актілері бұзылып отыр. Еуропалық сот бұл істі қарап, нәтижесінде істі арызданушының пайдасына шешіп берді.

Екінші кейс бойынша Италияда банкротқа ұшыраған компанияның қызметкерлері Франкович пен Бонафаси Еуропалық сотқа арызданды. ЕО-ның сол уақытқа дейін банкротқа ұшыраған компаниялардың қызметкерлерін қолдау бойынша қор ашу туралы директивасы шыққан болатын. Бұл директива бойынша 1983 жылға дейін банкротқа ұшыраған компаниялардың қызметкерлеріне осы қордан өтемеақы төлену керек еді. Италия бұл директиваны орындаған жоқ. Бұл жағдайда Италия осындай қорды ашпаса да, қызметкерлерге өтемеақы төлеу мәселесін қарастыру керек еді. Нәтижесінде Еуропалық сот бұл істің шешімін Франкович пен Бонафасидің пайдасына шешіп берді. Осы кейстер арқылы ЕО-ның шығарған заңдарының қалай орындалатынын көре аламыз.